

Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

май Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облысымыздың қой өсірушілері! Қой қырку мен жүн дайындауға осы күннен үлгілі әзірленіп, оны барлық жағынан ойдағыдай өткізуге жетісейік, сөйтіп, мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз етейік, елімізге жоғары сапалы жүнді мейлінше көп берейік!

берейік!

Бұл — МТС және қолыларынан электр агрегаторларына қой қыркуға мейлінше тиімді қамтамасыз етуді та болса, МТС-тер қой қырындау жөнінде колхозкерлерге, олар өздерінің қолымен колхоздың қойын өсіріс. Бұл — өте күрделі іс жүзеге асыру үшін электр агрегаттарын қой қыркуға мұқият агрегатты қыркушылар қамтамасыз етуге тиіс. Олар МТС-тер электр агрегаторлардың өзінде мұқият қыркуға толық әзір етіп МТС-терде қырықтықшылар дайындаған. Бірақ, бүгінгі күндердің көпшілігі өздерінің қой қыркуға тиімді әзір еткен жоқ. Мәселен, Пушкин ауданындағы, Пушкин ауданындағы, Тимирязев ауданындағы, Майбалық және т.б. электр агрегаттары қолданылмай жатыр. Олардың біріншісіне жөндеме іскерлік берілмеген, екіншісіне жөндеме іскерлік берілмеген, үшіншісіне жөндеме іскерлік берілмеген. МТС басшыларына жөндеме іскерлік берілмеген, қой қыркуға мұқият оқыр. МТС-терге быйыл бір-бір электр агрегаттары берілген еті

Егісті тез және сапалы өткізуге барлық күш жұмсалсын!

Облыс колхоздары мен совхоздарында көктемгі егіс жоспарының орындалуы туралы 1952 жылғы 10 майдағы мәліметі (Процент есебімен)

Аудандар	Егіс жоспарының орындалуы проценті
Ленин	44,9
Приешіп	41,8
Совет	36,2
Петропавл	35,8
Преснов	35,3
Конюхов	34,5
Булаев	31,2
Полудень	28,4
Соколов	27
Октябрь	26,7
Мамлют	19,7
Облыс колхоздары бойынша	33,8
Совхоздар бойынша	69,6

Еңбек өнімділігі арта түспек

Көктемгі дала жұмыстарына күні бүгінге дейін, тыңғылықты әзірлік жүргізген Қарағанды астық совхозының коллективі дәнді дақылдар егу жоспарын 8 жұмыс күні ішінде аяқтап, зор табыстарға жетті. Совхоз егіншілері мұндай табысқа машина-трактор паркінің қуатын сарқанды пайдалану арқасында ие болды.

Дәнді дақылдар себуге совхоздың алдындағы қатарлы тракторшылары жоғары көрсеткіштерге жетті. Қ. Тасынбаев және П. Ефенко сыяқты тракторшылар әрбір смена сайын 100 гектар орына, 150—155 гектар егістік алаңға дәнді дақылдар сеуіп, тағайындалған жұмыс нормаларын ұдайы артығымен орындап отырды. Сол сыяқты, тракторшы Н. Дмитриенко жодас та «НАТИ» тракторымен әрбір сменада 70—75 гектар егістік жерге тұқым сеуіп, социалистік жарыста

алған міндеттемесін айрымен орындап шықты.

Совхозда біржылдық және көпжылдық шөп егу жұмыстары да кең көлемде жүргізіліп жатыр. Осы уақытқа дейін мұнда 450 гектар егістік алаңға көпжылдық шөп егіліп болды. Осымен бірге, майлы дақылдар егу жөнінде де едәуір жұмыстар істелді. Совхоз егіншілері азғана уақыт ішінде 150 гектар егістік жерге күнбағыс сеуіп.

Дәнді дақылдар егу жоспары аяқталысымен совхоздың 4 «ЧТЗ» тракторы көршілес Стаханов атындағы колхозға егіс жұмыстарын атқаруға көмекке барды. Ал, қалған трактор агрегаттары түгелдей пар жұртуға қосылды.

Б. ЖАҚЫПӨВ.
(Өз тілшіміз).

Ымырашылдықтың салдары

СМЕРНОВО. Молотов атындағы колхозда егіс жұмыстары ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Мұнда күні бүгінге дейін

егендіктен әлі колхозға келген жоқ. Совет МТС-нің басшылары (директоры Лымарь жодас) тракторлардың өніміз

Халықтық демократия елдерінде

ПОЛЯК МЕТАЛЛУРГТЕРІНІҢ МЕРЕКЕСІ

ВАРШАВА, 11 май. (СОТА). Бүгін поляк металлургтері өздерінің жыл сайынғы мерекесін атап өтті. Олар халықтық өкмет билігі жылдарында көрнекті табыстарға жетті. 1951 жылы елдің болат қорытын металлургиялық заводтарында болат қорыту 1938 жылдың дәрежесіне 263 процент, үстіміздегі жылғы жоспар бойынша өткен 1951 жылмен салыстырғанда 19,1 процент артатын болады.

Май мерекесі алдындағы социалистік жарыста поляк металлургтері елге жоспардан тыс 60 миллион злотыхтың өнімі берді. Өндіріске советтік озат еңбек әдістерін енгізе отырып, «Покуй» заводының болат қорытушылары март және апрел айлары ішінде жылдамдатылған әдіспен 336 рет болат қорытып, болат қорытудың мерзімін өткен жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда орта есеппен минут кемітті.

Халықтық мемлекет металлургтерді үлкен аталық қамқорлыққа бөлеуде. Берут атындағы заводтың жұмысшылары үшін Ченстоховта жаңа қала салынды. Қатовыцдағы жаңадан салынған үйлердің көпшілігі металлургия кәсіпорындарының жұмысшыларына берілді. Металлургтердің қаласы — Жаңа Гутада үлкен қызыл

ай болыста 402 маман жүн дайындаушылар: қой қырқушылар, жүн сұрыптаушылар, жүн қабылдаушылар, нұсқаушылар, электр қайшылары үшін механиктер және басқа кадрлар даярлануға тиіс еді. Осыдан облыс бойынша күні бүгінге дейін 137-дей ғана қой қырқушылар мен жүн сұрыптаушылар даярланды.

Істің жайы, әресе, Ленин, Совет, Октябрь және Булаев аудандарында өте-өте нашар. Бұл аудандарда қой қырқуға және жүн дайындауға әзірлік тіпті басталған да жоқ. Аталған аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, МТС және колхоз, совхоз басшылары қой қырқушылар мен жүн сұрыптаушыларды күнібұрын жеткілікті даярлауға жете мән бермей, істі мүлдем кенже қалдырып қойды. Бұл аудандардың көптеген колхоздары мен совхоздарында қой қырқушылар мен жүн сұрыптаушылар даярлау ұмыт қалған істің бірі болып отыр.

Үстіміздегі жылы облысымызда барлық қойдың 60 проценттейі механика күші-

жұмыстарын кеңінен өрістету. Осы сыяқты, қой қырқушылар, жүн сұрыптаушылар және жүн тапсырушылар барлық қойды қырқып болғанға дейін басқа жұмыстарға ауыстырылмауы қажет.

Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының және колхоз, совхоз басшыларының ендігі бір негізгі міндеті —әрбір қой фермасында қырқылған жүнді күнбе -күн дұрыс есептеп, түгел сақтау, оның ұрланып, талан-таражға түсуіне жол бермеу. Осыған сәйкес олар қырқылған жүннің күнбе -күн қой қырқыққан жердің өзінен тікелей дайындау пункттеріне жөнелтілуін ұйымдастыруға міндетті.

Облысымыздың қой өсірушілері! Қой қырқу мен жүн дайындауға осы күннен үлгілі әзірленіп, оны барлық жағынан ойдағыдай өткізуге жетісейік, сөйтіп, мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз етейік, елімізге жоғары сапалы жүнді мейлінше көп берейік!

—60—

Моника Фелтон ханымның Алматыға келуі

9 май күні ССРО-да қонақтап жүрген ағылшынның белгілі қоғам қайраткері, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Моника Фелтон ханым Алматыға келді.

Моника Фелтон ханымды Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары М. С. Нұрымбаева, Шетелдермен Мәдениет Байланысы Бүкілодақтық Комитетінің Қазақ ССР-дегі өкілі Д. Смағұлов, еңбекшілер депутаттары

Алматы қалалық Советі атқару комитетінің председателі Р. Ильязев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. Әмриев, бейбітшілікті қорғаудың қазақстандық комитетінің председателі, совет әйелдерінің антифашистік комитетінің мүшесі биология ғылымының докторы Н. О. Базанова және республика астанасының жұртшылық өкілдері қарсы алды.

Моника Фелтон ханым Алматыда бірнеше күн болады.

УКРАИНА КОЛХОЗДАРЫ КҮНБАҒЫС ЕГІСІН АЯҚТАДЫ

КИЕВ, 8 май (СОТА). Украина колхоздары күнбағыс егісін аяқтады. Егіс жұмысында осы дақылдың шығымдылығын арттыруға көмектесетін агротехниканың озат тәжірибелері кеңінен жүзеге асырылды.

Республиканың оңтүстік облыстарында күнбағыс жаппай көктеп пішты. Измайл, Херсон, Одесса, Днепропетровскі және басқа облыстарда механизаторлар егісті тырмалау жұмысына кірісті.

тыр.

Е. АҚМАҒАНБЕТОВ.

ғынан сапалы жөндеп болды. Мұның өзі оларға көптемі дала жұмыстарын дерке-

Әрбір жұмысшы жоғары өнімді еңбек ететін

ОЛАРДЫ ӨСІРГЕН ЕҢЕ

Шағын двигательдер зауыдының коллективі соңғы 10 жыл ішінде қол жеткен табыстарын, еңбекте шынығып өскен кадрларын орынды мақтан етеді. Заводта бөлшектерді өңдеудің жылдамдатылған әдістері енгізілді, бұрын басқа жерлерден алдырылатын бөлшектердің көпшілігі кәзір заводтың өзінде жасалатын болды. Бөлшек өңдеуде бірнеше кезекшілерді қатарынан пайдалану әдетке айналдырылды. Тағы басқа бірқатар процестерді жеңілдету, технологияны жетілдіру, озат тәжірибелерді коллективтің игілігіне айналдыру кәсіпорны бәйінша двигатель жасаудағы еңбекті 1942 жылғыдан 3,2 есе жеңілдетуге, өзіндік бағаны 2,3 есе кемітуге, еңбек өнімділігін 2,4 есе арттыруға мүмкіншілік туғызды.

Мұндай табыстарға жету ісінде заводпен біте қайнасып, бірге өскен, маманданған кадрлардың ерекше зор роль атқарғанын атап айта кетуіміз қажет. Жұмысшы —өндірістегі негізгі тұлға. Табыс әрбір жұмысшының өнімді еңбек етуінен құралды.

Коллективтің бүгінгі табысына лайықты үлес қосып келе жатқандардың бірі—Әлкеев. Ол заводқа Отан соғысының ауыр жылдарында келді. Алғашта токарлық жұмысты атқарды. Кейіннен сверловщик, Фрезеровщик мамандықтарын меңгерді. Аталған мамандықтардың қай-қайсысын болсын жете біліп, істе тиімді қолдана алғаны, сөйтіп, бүкіл кәсіпорнының өрлеуіне сай еңбек еткені үшін бақылаушы -баптаушы қызметіне жоғарылатылды. Соңғы бес жыл бойына осы жұмысты атқарады.

—Кәсіпорнының алғаш ұйымдастырылған кезінде, —дейді Әлкеев, —біз бір

үлгідегі кескішпен ғана өңдеу жүргізетінбіз. Кәзір автоматтық паркте көп кескішті жабықтау қолданылады. Сондықтан да өнімділік жоғары. Осы арқылы, участогіміз бұрын еліміздің басқа кәсіпорындарынан әкелінетін бекіту материалдарын кәзір зауыдымыздың қажетін толық өтейтін мөлшерде жасап бере алады.

Әлкеев —рационализатор. Ол заводта болт бұрандаларын кесетін станоктың жасалу процесінде техникалық жағынан толық негізделген бірқатар көрнекті ұсыныстар жасады. Бұл күндері Әлкеев өзі басқарған жұмыс участогінде еңбек өнімділігін арттыру, жаңалық бастамаларды батыл енгізу күресін бастаушы. Автоматтық парктың соңғы жылдар бойына заводтағы таңдаулы участок бөлініп келе жатқандығының өзі осыған толық дәлел.

Таңдаулы үлгі жасаушы Әбден Бекежанов 1960-жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Бекежановтың жасаған үлгілерінде, әресе, соғыстан кейінгі жылдар ішінде ешбір ақау кездескен жоқ десек, артық айтқан болмаймыз. Бөлшектің сыртқы үлгі-қалыбын жасаудың техникасын қалай меңгерсе, ол сол қалыптарға балқытылған металдан нақ үлгінің өзін құюды да мінсіз атқаратын болды.

Токарь Луконина, ұста-пресс цехының бастығы Григорьев, мастердің көмекшісі Брык, бұрынғы слесарь, кәзір цех бастығы Криушин, слесарь Иванов, мастер Говес жолдастар да жоғарыда айтқан Әлкеев, Бекежанов сыяқты, соңғы он жыл ішінде еңбек процесінде, қажырлы күрес үстінде өскен озаттар. Двигатель жасаушылардың ішінен

460 адам новшы келеді. ұйымдар ісін асқ. маман өсірді. Бның жұмша елеу етіп оты кадрлар. Заводт шыларды мектебі д лық табу дың қата еліміздің болған та гізуді ты соның не затты, қа технологи ша мүм қана 195 кәсіпорны рационали орта есеп мемлекет шілік бері Заводты стахановты рілді. Мінс ратын бірі лығы заво тын мінде тей жұмыс Міне, бұ жете меңг лективінің тай табыс

СІНШІ СЪЕЗІ

на 45 жыл (полуына)

аларға көз
иядағы көр-
ртіпке қар-
және ре-
дабын да
мойындап
буржуазия-
ияда про-
атқаруы
етті».
баяндамасы
қорғауға
невиктердің
дың өнпор-
алды. Ленин
азиясының
иберализмін
гер проле-
рға таптық
ың көсемі
тактикасын
саған баян-
қарары
олюциядағы
т ден шар-
қ одақ жа-
либерали-
у қажеттігі
революция-
көсемі де
і. Буржуа-
лық күрес-
онституция-
на түсіру
революцияға
айта келіп,
аттың жа-
тың либе-
цияға қар-

риаттың қызыл туы ендігері либерализм ділмарларының алдында иілмейтін болады. Пролетариатқа жараспайтын интеллигенттік тұрлаусыздыққа өлтіре соққы берілді» (Сталин).

Съезде мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның есебі бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында сұраныс күрес басталды. Меньшевиктер мемлекеттік думаны демократиялық мекеме деп бағалап, думаға қатысу жолына түсті, кадеттермен бірлесе отырып, думада конституциялық заң шығару жұмысы болуы қажетігін қорғап бақты.

Ал, большевиктер революцияның өрлеуі кезінде думаға қатысу пролетариаттың мүдделеріне опасыздық жасау деп есептеді, өйткені, бұл еңбекшілерді негізгі мәселелерді шешуден ауытқытатын еді. Революцияның бөсеңдеуі кезінде, реакция жылдарында, большевиктер думаға қатысуға болады және оны қажет деп санады, бірақ, олардың думаға қатысу мақсаты меньшевиктердің мақсатымен ешқашан да ұқсас болған жоқ. Большевиктердің көздеген мақсаты — думаны царизм мен буржуазияны әшкерелеудің трибунасы ретінде пайдану болды.

Съездің жұмысында жұмысшы съезі деп аталатын мәселені караудың маңызы зор болды. Оны шақыруды меньшевиктер көзге алмай болатын. Шынында бұл меньшевиктердің жұмысшы табын қарусыздандыру жөніндегі зымындық әрекеттерінің бірі еді. Олар осындай съезді шақыру арқылы пролетариат партиясын жойғысы келді. Сталин жолдас атап көрсеткендей, съезде меньшевик ділмарларының сөздерінен басынан аяғына дейін: партия жойылсын, социал-демократия жойылсын — партиясыздық жасасын, социал-демократиялық емес «жұмысшы

Жүн—аса бағалы шикізат

Облысымыздың алдыңғы қатарлы қолхоздары биязы және жартылай биязы жүнді қойлардың күтімін жақсарту, сонымен қатар, жүн қыркуды ойдағыдай өткізу нәтижесінде өткен жылдары мемлекетке жүн тапсыру жоспарының едәуір артық орындалуын, қыркылған жүннің сапалы болуын қамтамасыз етті. Бұл арқылы қолхоздардың ақшадай кірісі сұрынғы жылдарға карағанда едәуір мөлейді.

Кәзір қой өсірушілердің алдына қой санын өсірумен бірге, оның жүн өнімін еселеп арттыру, мемлекетке жүн тапсыру жоспарының әрбір қолхоз бен совхоз бойынша сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Ал, қойдан жүнді көп алу үшін оны бағып-күтуді үлгілі ұйымдастырып, қой қыркуды ойдағыдай өткізу керек. Бұл шараның жүзеге асырылмауы жүн дайындау жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соғады. Мәселен, өткен жылы Петропавл ауданының Ворошилов атындағы қолхозында қойдың күтімі, әсіресе, оның жазғы жайылымы ойдағыдай ұйымдастырылмады. Осының салдарынан мұнда жүн дайындау жоспары орындалмай қалды. Өйткені, қой жүні ысырап болды да, әрбір қойдан орта есеппен 1,5 килограмнан гана жүн қыркылды. Осы сыяқты, бұл қолхозда дайындалған жүннің сапасы да төмен болды.

Бірақ, көп қолхоздарда қойды жайып, бағудың және қой қыркуға әзірліктің жайы быйыл да мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Қой қыркуды және жүн дайындауды ойдағыдай өткізу, оған күнібұрын тыңғылықты әзірлік жүргізуге байланысты болса, бұл науқанға әзірлік осы уақытқа дейін облыстың бір ауданында да аяқталған жоқ. Көп қолхоздарда қой қыратын қайшылар даярлау мүлдем ұмыт қалып отыр. Ол-олма, бұларда тіпті қой қыратын орындар, таразылар, престер де дайындалмай кетеді. Осы сыяқты, қолхоз басшылары

айтуымыз керек. Бірқатар МТС-тердің басшылары өздерінің қой қырку жөніндегі ролін жете бағаламай келеді.

Мәселен, Куйбышев атындағы, Пушкин атындағы, Майбалық, Полудень және басқа бірнеше МТС-тер электр агрегаттарын қой қыркуға әзірлеуді осы уақытқа дейін қолға алған жоқ.

Электр қайшыларының қолда жеткілікті болуымен іс бітпейді. Оларды іске толық қосу үшін қой қыратын кадрларды жеткілікті әзірлеу керек. Аталған МТС-терде және басқа да МТС-терде қой қыркушылар, сол сыяқты, жүн сұрыптаушылар даярлау мүлдем ұмыт қалып отыр. Бұларда электр агрегаттары үшін бірде-бір қырықтықшы даярланған жоқ.

Қойдың электр агрегаттарымен қыркылуы қой қырку мен жүн дайындау жоспарының ойдағыдай орындалуына және мемлекетке тек қана жоғары сапалы жүн тапсырылуына қолайлы жағдай жасайды. Сондықтан МТС және қолхоз басшылары әрбір электр қайшыларының іске толық пайдаланылуын, бұл үшін оның кәзірден бастап қой қыркуға әзір болуын және оған қыркушылардың жеткілікті бөлінуін қамтамасыз етуге міндетті.

Электр қайшыларымен, еңалдымен, жүнді көп және жүнді таза қойларды — биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойларды қырку керек. Ал, мұндай қойларды қол қайшымен қырку қыйынға соғады, оған көп еңбек және уақыт керек болады.

Қой қыркуды және жүн дайындауды барлық жағынан үлгілі өткізу үшін кәзірден бастап әрбір қолхоз бен совхозда және МТС-те қой қыркуды және жүн тапсыруды өткізудің күндік, бескүндік графигін жасау қажет. Қой қырку графигін жасауға, қолхозшылар, әсіресе, озат қой өсірушілер мен қой қыркушылар, жүн дайындаушылар көптеп қатыстырылуға тиіс.

Қой қыркуды үлгілі өткізіп, жүн

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 май (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиесінің бүгін берген хабарында Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды, дұшпанды адам күші және техника жағынан елеулі шығындарға ұшыратты делінген.

Батыс және Орталық майдандарда жау Халық армиясының шептеріне бірнеше рет атақалар жасауға әрекеттенді, алайда, шығындарға ұшырап, кейін тойтарылып тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның 7 самолетін атып түсірді.

АҒЫЛШЫН -АМЕРИКАН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

ЛОНДОН, 10 май. (СОТА). Рейтер агенттігінің Оттавадағы тілшісінің хабарына карағанда, каучук мәселесі жөніндегі халықаралық топтың кеше болып өткен құпия конференциясында Англия мен АҚШ арасында елеулі қайшылықтардың барлығы анықталған. Конференцияда базарларды каучукпен қамтамасыз ету және бағаны бір жүйеге келтіруге байланысты негізгі мәселелер шешілмей қалды.

«Келісімге келмеу фактісінің өзі, — деп жазады тілші, — заттай каучукті өндірушілер мен каучукті шеттен алып келуші —Америка Құрама Штаттары арасында әртүрлі көзқарастың барлығының нәтижесі болып табылады». Дүние жүзі базарларында каучуктің бағасына жаппай тұтыну талабының қысқаруы салдарынан, өткен жылмен салыстырғанда каучуктің бағасы жарты есеге жуық төмен түсті.

ЛОНДОН, 10 май. (СОТА). Соңғы уақытта баспасөз орындары Сингапур мен

кәзіргі кезде өте -мөге шұғыл қойылып отырған міндет: пролетарлық емес әртүрлі партиялардың таптық мазмұнын анықтау, таптардың кәзіргі кезеңдегі өзара қатнастарын еске ала келіп, осы-

бір халықшыл партиялармен жеке келісімдер жасауға жол берді.

Сөйтіп, съезд меньшевиктік қозқарастарға қатты соққы берді және большевиктердің саясатын қуаттады. «Пролета-

лық біртұтас партия болып іс жүзінде бірікті — Лондондағы съездің мағнасы осындай, оның жалпы сипаты осындай» — дейді И. В. Сталин.

Ә. БӘЖЕНОВ,

Ал, нақтылы іс жол бөліміндегілердің бұл сөздерін қуаттамайды.

Быйылғы жылдың өзінде 4 көпірге күрделі, 3 көпірге жабайы жөндеу жүргізу, мұның үстіне жолдардағы ояң жер-

көпір, пайдаланылған жолдар жөнінде сөз болды. Жолдармен тоқтық арбадай- ақ кібіртікте көпірлер қашан жасалып жатқанын білмейміз. — Рісі жоқ, керек аймақшы болып отыр Маловичко жолдас.

Кәзір облысымызда Бірақ, сулы -сазды жерлер күндердің өзінде қызыл суынан жанар, жағар Преснов МТС-нің Железное, Богатое еткізгі сазға батып, үш күн машиналарын батып шығарып алу үшін патшалық қолхоздың на барып, жер жыртқыштарды алып, егіс жұмыс тигізген. Жүк машинасы Новорыбинка селоларының үстінде қона,

Жол бөліміндегілер: — Пресновка -Новорыбинка машина батпайды. Жол деп те мақтанады. Ал жол жасалғалы 16 жыл Рас, сәті түсіп Дробыш жолдастар бұл арадағы рет кідіріссіз -ақ өтіп Бірақ, мақтаулы сөзде кезде осы «жақсы» бірнеше машинаның сатып алынғанын көрмегендік керек.

Қорыта айтқанда, П. П. деу жұмысына жете Көлхозшылар жол жөндеу тыстырып отыр. Қазір жол құрылысы жөнінде ауызға алып а жоқ.

Жолдарды жөндеуге мек?

КИНО

„Монгол Халық Республикасы“

Облыс кино-театрларының экрандарында көрсетіліп жатқан «Монгол Халық Республикасы» атты фильм совет зрительдерін еліміздің шығыс жағымен шектесіп жатқан Монгол Халық Республикасының шаруашылығымен, мәдениетімен, жерінің табиғатымен таныстырады. Фильмді жасап шығарған Орталық документтік фильмдер студиясының коллективі және Улан-Батордағы «Монголкино» студиясының қызметкерлері совет халқы мен монгол халқының арасындағы тарихи достықты, совет үкіметінің монгол халқына көрсеткен туысқандық көмегін фильмде жақсы бейнелеген.

Картинаны түсірген операторлар С. Гусев, Л. Котляренко, А. Сологубов, Е. Яцун, М. Трояновский және монгол операторлары Б. Дэберэл, Д. Жигжид, Д. Ганжур өздерінің әрі суретші, әрі кино түсірудің асқан шеберлеуі екенін көрсеткен.

Фильмде Монголияның шексіз далалары мен бетпак шөлдері, адам аяғы баспаған тауларының көрінісі өте жақсы суреттеледі. Мұнымен бірге, операторлар монгол жерінің тамаша қош иісті көкорай шалғындары, орман-тоғай арасындағы сұлу тынық көлдерін, кең-байтақ далаларының болашағын да шындыққа үйлесімді етіп, кино көрушілердің көз алдына елестете білген.

...«Москва — Улан-Батор» поезы вагондарының терезелерінен жас жігіттер

мен қыздардың қуанышты жүздері көрінеді. Бұлар — жаңа Монголияның жастары, Москваның жоғарғы оқу орындарынан өз еліне жазғы демалысқа келе жатқан студенттер. Олардың жүзінен монгол жастарының ғана емес, бүкіл монгол халқына рухани көмек көрсетіп, білім шынына нұсқап, болжап отырған әділеттілік пен достықтың, бейбітшілік пен прогрестің Москвасына деген қуанышын көргендей боласыз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы монгол халқының болашағын шешіп, оның қолын бостандық пен бақытқа жеткізді. 1920 жылы монгол халқының көсемі Сухэ-Батордың монгол еңбекшілерінің Ленинге жазған хатын қамшы сабына жасырын Москваға әкелгенін жақсы білеміз. Сухэ-Батор болашаққа ой жіберетін ақылды адам еді. Оның болашақты болжай білетіндігі, туған халқының ісіне шексіз берілгендігі, қараңғылық пен құлдыққа деген өшпенділік, халық бостандығын құмарта аңсау — Сухэ-Баторды Ленинмен, Сталинмен ақылдасу үшін, олардан айқын нұсқау алу үшін Москваға алып келді. Фильмде де осы хаттың тексті көрсетілген.

Монгол халқының адал ұлдары Сухэ-Батор және Чойбалсан монгол еңбекшілері не өмірдің жаңа жолдарын көрсетті, олар монгол еңбекшілерін тек қана ұлы Совет Одағының достығы, Сталин жолдастың тікелей басшылығымен көрсетіліп отыр-

ған жан-жақты көмек қана құлдықтан, қараңғылықтан құтқаратындығын түсіндірді, үйретті.

Монгол республикасының негізгі байлығы — мал шаруашылығы. Монголияда 23 миллионнан астам мал өсіріледі. Революциядан бұрын Монголияда әуе райының жиі-жиі құбылуына байланысты жылына жүз мыңдаған мал апатқа ұшырайтын. Кәзір Халық Республикасының үкіметі құрғақшылық жылдары мал өсіруші араттардың малдарын қысқы азықпен қамтамасыз етіп, жаз күндері олардың малдарын жайылымы мол аудандарға айдауды ұйымдастырады. Фильмде құрғақшылық аудандардан шөбі мол аймақтарға айдалған малдың бір үлкен табыны көрсетілген. Миллиондаған малдардың соңынан іле ондаған автомашиналарға артылып келе жатқан дәрігерлік және мал емдеу пункттерін, сауда-саттық дүкендерін, оқу үйлерін көреміз.

Монголия далаларына Совет Одағының алып заводтарынан шыққан тракторлар мен комбайндар, шөп машиналары үсті-үстіне топ-тобымен жеткізілуде. Республиканың көптеген жерлерінде жол салатын күшті машиналар әр аймақтардың арасын даңғыл жолдармен қосып жатыр. Халық үкіметінің күшімен салынған балалар бақшаларында, пионерлер лагерлерінде дем алып жатқан бақытты жеткіншектерді, жүздеген дем алу үйлерінде және санаторийлерде мыңдаған еңбекшілерді көріп қуанасыз.

Бұдан 30 жыл бұрын ескі Монголияда бірде-бір емхана болмайтын, ауру адамға ешқандай медициналық көмек көрсе-

тілмейтін. Кәзір республикада жүздеген емханалар, дәрігерлік пункттер еңбекшілер мүддесіне қызмет істейді.

Халықтық демократиялық мемлекет 30 жылдың ішінде өзінің жұмысшы табын өсіріп жетілдірді. Елдің ондаған ірі өнеркәсіп орындарында мыңдаған жұмысшылар жұмыс істеп жүр. Олардың арасында жаңа техникамен жабдықталған аяқкіім фабрикасының еңбек озаты Цэвэлма — Ұлы Халық Хуралының депутаты, Механикалық заводтың шебер жұмысшылары бұрын бақташы болған Самбур және Бадамжа жаңа техниканы қысқа мерзімде меңгеріп алды.

Халық республикасында жүздеген мектептер, республика астанасында Монгол Халық Революцияшыл Партиясының тікелей басшылығымен университет ашылды. Кәзір Монголияның өз интеллигенциясы — дәрігерлер, оқытушылар, талантты оқымыстылар өсіп жетілді. Монгол жазушылары, суретшілері, композиторлары өз Отанының осы кездегі өмірі туралы халыққа жаңа шығармалар беруде.

Фильм Монгол Халық Республикасының 30 жылдығы мерекесін көрсетумен аяқталады. Мемлекет трибунасының алдынан бейбітшілік туын көтеріп өтіп жатқан жас спортшыларды көргенде социализм құру жолына көшкен көрші елдің бақытты болашағы көз алдыңызға елестейді.

Жеке кемшіліктерін есептемегенде, фильмді жасаған режиссер М. Трояновскийдің, монгол жазушысы Ц. Зандраньин, совет және монгол операторларының еңбегі жемісті болып шыққан.

Б. НҮРМҰҚАНОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесі —